ЖАҢАЛЫҚТАР

Алматыда жер үйдегі өрттен бес адам қаза болды

26 қараша 2026 жыл, 10:02



Алматыдағы Бостандық ауданында өткен түні жер үй өртеніп, салдарынан 5 адам қазаға ұшырады. Олардың біреуі – кәмелетке толмаған бала деп жазды жергілікті басылымдар.

Қалалық төтенше жағдайлар департаментінің хабарлауынша, өрт туралы суыт хабар 26 қараша күні сағат 3:44 кезінде түскен. Арада төрт минут өткенде төтенше қызмет бөлімшесі оқиға орнына жеткенде үйдің тұтас жалындап жатқанын көрген.

Өрт сағат 4:42 шамасында сөндірілген. Полиция бес адамның қазасына себеп болған оқиғаның мән-жайы анықтау үшін тергеу амалдарын бастаған.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Европа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған